

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Цифрлық инженерия және IT-Аналитика кафедрасы

**6B06103 «IT-аналитика» мамандығының соңғы курс
студенттеріне арналған өндірістік тәжірибе
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қарағанды 2024

Тәжірибе бағдарламасын құрастырушылар: аға оқытушы, магистр
Ибрагимова М.С.

Рецензент: э.ғ.к., доцент. Аяжанов К.С.

Бағдарламада кәсіби тәжірибелерді өту жөнінде әдістемелік
нұсқаулық материалдары қолданылған.

ЦИЖәнеІТА кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор



Т.Л. Тен

Келісілді:
ЖШС «Национальная платформа
ІТ-образования» директоры,
техник ғылымының магистрі



М.С.Абдрахманов

1. Нормативтік сілтемелер

27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

Кәсіптік стандарт: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін.

Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

2. Тәжірибенің мақсаттары мен міндеттері

Студенттердің өндірістік тәжірибесі бакалаврларды дайындаудың маңызды бөлігі болып табылады. 6B06103 «IT-аналитика» білім беру бағдарламасының студенттері үшін теориялық курсты зерттеп және білім беру бағдарламасымен көзделген курстық жобаларды (жұмыстарды) орындағаннан кейін тәжірибежүргізіледі. Тәжірибеге тек жұмыс оқу жоспарын толық орындаған, яғни, барлық курстық жобалар (жұмыстар) мен емтихандарды тапсырған студенттер жіберіледі.

Өндірістік тәжірибенің мақсаты студенттердің оқыту процесінде, сондай-ақ компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыздандыру саласында алынғанқажетті тәжірибелік дағдыларын, теориялық білімдерін бекіту және тереңдету болып табылады.

Өндірістік тәжірибенің негізгі міндеттері мынадай болып табылады:

- АЖ деректер базаларын мен қосымшаларды құрумен байланысқан мүмкін болатын болашақ еңбек қызметі мен еңбек нарығына бейімделу;
- бағдарламалық және ақпараттық құралдарды жобалаудың барлық кезеңдерімен байланысты тәжірибелік дағдыларға иелену;
- жалпы кәсіби және арнайы пәндерді игеру барысында алынған теориялық білімде тәжірибеде бекіту;
- білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби қызмет түрлерін,

олардың функциялары мен міндеттерін зерттеу;

– кәсіби қызмет түрлерін білім беру бағдарламасы, олардың функциялары мен міндеттері бойынша зерттеу;

– кәсіби шеберлігін, дағды және құзыреттерін осы негізде теориялық білімін бекіту және қалыптастыру;

– автоматтандыру деңгейіне байланысты кәсіпорынның қызметімен танысу;

– жүйелер мен желілерді әкімшілендіруде, ақпаратты жинау, талдау, сақтау және нәтижелерін беруде, тәжірибелік дағдыға иелену;

– жүйелер мен желілерді қорғау, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу және тестілеу, бағдарламалық өнімдерді әзірлеу бойынша, дағдыға иелену;

– қазіргі заманғы бағдарламалау тілдерін меңгеру;

– дипломдық жоба (жұмыс) тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізу;

– тәжірибе өтіп жатқан кәсіпорын қызметінің шеңберінде АЖ әзірлеген практикалық жұмыспен танысу және зерттеу;

– операциялық және ақпараттық жүйелерді пайдалану дағдыларына иелену;

– ақпараттық жүйелер жобаларын әзірлеуге қатысу;

– еңбек және өндіру озық әдістерін инновациялық технологиялармен меңгеру;

– ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибеге иелену;

– корпоративтік басқару принциптері құзыреттерін, топтық жұмыс дағдыларын иелену;

– жауапкершілік сезімін қалыптастыру, рөлдік кәсіби ұстанымын анықтау, әріптестерімен жағымды байланыстар орнату, өз қызметін өз бетінше жоспарлай алу шеберлігін меңгеру;

Өндірістік тәжірибе процесінде білім алушылар кәсіби және ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесін иеленуі тиіс.

3. Өндірістік тәжірибе объектілері мен орындары

Білім алушылардың өндірістік тәжірибесін жүргізу үшін олардың қызметі мамандарды даярлау бейініне сай және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес, материалдық-техникалық базасы және өндірістік тәжірибеге басшылық жасау үшін білікті кадрларға ие ұйым базалары анықталады.

«ІТ-аналитика» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің іс-тәжірибе базалары ақпараттық жүйелермен және технологиялармен тығыз байланысты қаржылық қызметтер, банктер, мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар мен фирмалар, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді қазіргі заманғы компьютерлік техникада әзірлеумен және пайдаланумен айналысатын кәсіпорындар болып табылады.

Өндірістік тәжірибе базасы ретінде белгілі бір ұйыммен білім

алушылардың өндірістік тәжірибе өткізу үшін (1-Қосымша) шарттың үлгі нысаны негізінде жасалған өндірістік тәжірибе түрі көрсетіліп, өткізу туралы шарты жасалады.

Студент-тәжірибеленуші, егер ол жұмыс істемесе, ұйымның бос лауазымына білім беру бағдарламасы бойынша қабылдана алады. Бұл ретте студент орындалған жұмыс туралы нақты жазбаша есеп жасайды, сондай-ақ бос лауазымға қабылдануы туралы оқуға анықтаманы ұсынады.

Студент білім беру бағдарламасына қатысы жоқ және тәжірибе бағдарламасында көзделмеген жұмыс орнында тәжірибеленушіні пайдалануға жол берілмейді

4. Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру

Өндірістік тәжірибенің жалпы оқу-әдістемелік нұсқауын ұйымдастыруды және оны тиісті сапада өткізуді «Цифрлық инженерия және IT-Аналитика» кафедрасы жүзеге асырады.

Соңғы бітіруші курс студенттері (IV курс орта білім беру базасында, III курс кәсіби орта білімнен кейінгі білім беру базасында және II жоғары білімнен кейінгі) 6B06103 «IT-аналитика» білім беру бағдарламасы тәжірибеден 10 апта бойы өтеді, қашықтықтан оқыту технология студенттері. Өндірістік тәжірибенің басталу және аяқталу күні жұмыс оқу жоспарына сәйкес университет бойынша бұйрығымен белгіленеді.

Тәжірибе кезеңін уақытпен жобалап бөлу

| № п/п | Орындалатын жұмыстардың мазмұны | Апта саны |
|-------|--|-----------|
| 1. | Тәжірибе базасының қызметімен танысу | 1 |
| 2. | Кәсіпорынның ақпараттық қамтамасыз етілуімен танысу. | 1 |
| 3. | Кәсіпорындардың бизнес-процестерін (қызметін) талдау | 1 |
| 4. | Кәсіпорынның техникалық қамтамасыз етілуімен және КЖ сәулетімен танысу | |
| 5. | Кәсіпорында қолданылатын бағдарламалық құралдарды игеру | 1 |
| 6. | Өзіндік бағдарлама модулін жобалау | 2 |
| 7. | Ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын сипаттау | 1 |
| 8. | Кәсіпорындағы қызметкерлердің өмір қызметін қамтамасыз етуге және еңбекті қорғауға байланысты мәселелерді зерделеу | 1 |
| 9. | Өндірістік тәжірибенің есебін рәсімдеу | 1 |
| 10. | Барлығы | 10 |

Білім алушыларды өндірістік тәжірибеге жолдау шарттың нөмірі және тәжірибе жетекшісі, базасы , өту мерзімдері(2-Қосымша) көрсетілген ректордың бұйрығымен ресімделеді.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінен тағайындалған тәжірибе жетекшісінің міндеті:

- кәсіби тәжірибеге дейін студенттерге қажетті дайындықты ұйымдастыру, кәсіби тәжірибенің бағдарламасына сәйкес кеңес отырыстарды өткізу;
- кәсіпорынның өндірістік тәжірибе - іс-тәжірибе базалары басшысымен келісіп, тәжірибе бағдарламасына сәйкес өндірістік тәжірибе (3-Қосымша) жұмыс жоспар-кестесін әзірлеу;
- студенттерді келісімшартта көрсетілген міндеттерімен таныстыру;
- өндірістік тәжірибеге жіберу кезінде білім алушыға өндірістік тәжірибеден өту туралы (4-Қосымша) күнделік-есебі, өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесінің бағдарламасы берілсін;
- тәжірибеден өту кезінде мерзімдік бақылауды жүзеге асыру;
- тәжірибе бағдарламасына сәйкес студенттің жұмысты орындау сапасын, көлемін бақылау;
- тәжірибе туралы есепті жазу бойынша студенттерге кеңес беру;
- студенттерді еңбек тәртібін бұзған жағдайда тәжірибеден шеттетуге туралы университет ректорына ұсыныс жіберу;
- тәжірибеге қанағаттанғысыз басшылық үшін қызметкерлерді жауапкершілікке тартуды кәсіпорын басшыларынан талап етуге немесе, ұйымның, кәсіпорынның үздік тәжірибе жетекшілерін көтермелеу ұсынылсын;
- студенттер жұмысы туралы пікірлер беруге;
- білім алушыларға тәжірибе базасы қызметкерлері үшін міндетті, ішкі тәртіп ережелерін, еңбек тәртібін сақтауын, қамтамасыз ету;
- білім алушылардың тәжірибе өту күнделігін толтыруын тексеруді жүргізу;
- кәсіпорынның өндірістік іс-тәжірибе базалары қызметкерлеріне өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және өткізуде, қажет болған жағдайда әдістемелік көмек көрсету;
- студенттердің тәжірибе бойынша есептерін тексеру жүргізу;
- студенттің өндірістік тәжірибеден өту туралы есебін қорғауын комиссиямен бірлесіп қабылдау жүргізу.

Кәсіпорынан тағайындалған тәжірибе жетекшісі міндетті:

- жұмыс жоспар-кестесімен, тәжірибе бағдарламаларымен сәйкес тәжірибеленушілерге білікті жетекшіліктерді жүзеге асыру;
- жұмыс орынында қауіпсіз жұмыс шарттарымен (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғаудағы міндетті нұсқамаларды жүргізумен) әрбір оқушы-тәжірибеленушіні қамтамасыздандыру, қажетті жағдайларда білім алушыны қауіпсіз еңбек ету әдістеріне оқыту жүргізу;

- тәжірибеленушіге қажетті түсіндірмелерді беру және істелінген жұмыстарының уақытылы әрі сапалы болуын талап ету;
- студенттерге бағдарламаға сәйкес жоғары тиімділікті қамтамасыз ететін, тәжірибе өту орнын ұсыну;
- студенттің ұйыммен (кәсіпорынмен) танысуын ұйымдастыру және жұмыстардың барлық түрлерін өздігінен сәтті орындауға, сондай-ақ білім беру бағдарламасы саласында білім алуы үшін қажетті шарттар құру;
- тәжірибе бағдарламасында қарастырылған жұмыстарды орындау мерзімі және сапасын бақылауды жүзеге асыру;
- тәжірибе туралы күнделік жүргізуді бақылау;
- студенттерге компьютерлік техникамен, қолда бар әдебиеттермен пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ қажет болған жағдайда көбейткіш техниканы пайдалануды ұсыну;
- дипломдық жобалар(жұмыстар) үшін ақпараттар таңдауда көмек көрсету;
- тәжірибе жай-күйі және сапасына жауапкершілік жүргізу;
- тәжірибеленушіні бағалау, үлес салмағы қорытынды бағалаудың 40% - ын құрайтындай (тәжірибе күнделігі, 5 үлгі);
- тәжірибе аяқталған соң әрбір тәжірибеленушінің жұмысы туралы жазбаша мінездеме беру (практика күнделігі, 4-ші үлгі);
- жұмыс берушілер үшін сауалнаманы толтыру (5-қосымша).

Студент тәжірибе өту барысында міндетті:

- тәжірибеден өтуге белгіленген мерзімде өндірістік іс-тәжірибе базалары өкіміне келу;
- өз білім беру бағдарламасы бойынша тәжірибелік дағдыларға көбірек иеленуге ұмтыла отырып, өндірістік тәжірибе бағдарламасын және өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін (3-қосымша) толық орындауға;
- ақпараттық жүйелер мен технологиялардың қолдану және даму келешегін есепте үйрену және сипаттау;
- орындалған жұмысқа және оның нәтижелеріне штаттағы қызметкерлермен тең жауапкершілікте болу;
- тәжірибеден өту (4-қосымша) күнделік-есебін жүргізу, оған мыналар кіреді:
 - тәжірибе жетекшілері және базасы туралы жалпы мәліметтер (форма 2);
 - күнделіктің мазмұны (форма 4) – кәсіпорын тағайындаған тәжірибе жетекшісімен қол қойылған, тәжірибе уақытында тәжірибеленушімен орындалған күнделікті жұмысты сипаттау;
 - кәсіпорын тағайындаған тәжірибе жетекшісінен студентке мінездеме (форма 6);
 - кәсіпорын тағайындаған тәжірибе жетекшісінің бағасы (форма 5);
 - тәжірибе базасындағы қызметкерлер үшін міндетті қауіпсіздік

ережесін және өндірістік тәжірибе орнындағы өндірістік тәртіпті, ішкі тәртіп ережесін, еңбек тәртібін сақтауға;

- университет тағайындаған тәжірибе жетекшісіне өндірістік тәжірибенің өтілуі туралы құжаттар пакетін ұсынуға:

- «келуі мен кетуі туралы бағасын» өндірістік тәжірибе жолдамасына (2-қосымша);

- барлық тапсырмалардың орындалуы туралы тәжірибе базасы жетекшісінің қолы қойылған, күнделік-есеп;

- жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнама (5-қосымша);

- тәжірибе бағдарламасының орындалғаны көрсететілген тәжірибе бойынша жазбаша есеп. Өндірістік тәжірибе бойынша есеп берудің бірінші бетін ресімдеу үлгісі (6-қосымшада) келтірілген;

- ұйымның және тәжірибеден өту сапасы туралы сауалнаманы толтыру (7-қосымша);

- ақпараттарды жинау және жүйелеу;

- ұжымның қоғамдық өміріне қатысуға;

Ішкі тәртіп ережелерін бұзған студенттерге, ұйымнан тағайындалған тәжірибе жетекшілерінен жаза қолданылуы мүмкін, бұл туралы университет хабардарболуы тиіс.

5. Өндірістік тәжірибенің мазмұны

1. *Тәжірибе базасының қызметімен танысу.* АЖ кәсіпорынының қызметін белгілеу, аталған кәсіпорынның көрсеткіштерін зерттеу. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық, АЕО персоналының лауазымдық және технологиялық нұсқаулықтарын немесе ақпараттық қызметінің құрылымын қарастыру.

2. *Кәсіпорынның ақпараттық қамтамасыз етілуімен танысу.* Сипаттамасы басқару құрылымдарының нақты деректерімен қамтамасыз ету және деректерді кәсіпорындарға беру. Сипаттама автоматтандырылған басқару жүйелері үшін ақпараттық деректерді пайдалану. Сипаттама кәсіпорында пайдаланылған мәліметтер базасының ақпаратын пайдалану

3. *Кәсіпорындардың бизнес-процестерін (қызметін) талдау.* Сыртқы шығуды қалыптастыратын ұйымның негізгі бизнес-процестерінің тізімін жасаңыз. АЖ кәсіпорынының автоматтандырылған тапсырмаларының(функционалдық ішкі жүйесінің) тізбесін беру. Қолданыстағы деректерді өңдеу жүйелерін (ДӨЖ) талдауға, кемшіліктерін, оларды жою жолдарына келтіру. UML тілінің конструкциясын және диаграммаларын қолдана отырып, BRwin құралдарымен жекелеген бизнес-процестерді модельдеу. АЖ болашағы мен ДӨЖ тиімділігін көрсету.

4. *Кәсіпорынның техникалық қамтамасыз етілуімен және КЖ сәулетімен танысу.* Кәсіпорынның техникалық инфрақұрылымын келтіру. Ақпараттық құралдарды қосу тәртібін сипаттау. Кәсіпорында

пайдаланылатын ақпараттық құралдарды қарастыру. IT-аналитика құралдарының негізгі сипаттамаларын және құрамын сипаттау. Кәсіпорынның ҚКЖ принциптерін, желісін зерттеу. Компьютерлік желінің сызбасын құру. Серверлердің функционалдық рөлін, құрал-жабдықтар тізімін, кабель сымдарының сұлбасын сипаттау. Кәсіпорында қолданылатын телекоммуникация жүйелерімен танысу. АЖ кәсіпорынның жаһандық есептеу желілерімен, соның ішінде Internet-пен байланысын зерттеу.

5. Кәсіпорында қолданылатын бағдарламалық құралдарды игеру.

Кәсіпорындағы пайдаланылатын жүйелік бағдарламалық құралдарды сипаттау. Кәсіпорында жұмыс істеп тұрған аспаптық бағдарламалық құралдарға мінездеме беру. Кәсіпорында бар бағдарламалау тілдерін зерделеу. Кәсіпорынның қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін АЖ-да қарастыру. Қолданбалы бағдарламалар пакеттерінің жұмысын зерделеу: әмбебап, проблемалық-бағытталған және желілерін ұйымдастыру. Ақпараттық жүйелердің функционалдық бағдарламалық қамтамасыздандыруын сипаттау. Бағдарламалық модульдердің өзара іс-қимыл құрылымын көрсету. Бағдарламалық қамтамасыздандыруға қойылатын талаптарды және құжаттандырудың стандарттарын қарастыру. Бағдарламалық құралдарды тестілеуді жүзеге асыру. Кәсіпорынның АЖ бағдарламалық қамтамасыздандыруын жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

6. Өзіндік бағдарлама модулін жобалау. Кәсіпорын-практиканың негізгі бағдарламасын зерттеу. Өзіңіздің бағдарламалық қосымшаңызды немесе модуліңізді ұсыныңыз және өзіңіздің бағдарламалық өніміңізді жобалаңыз..

7. Ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын сипаттау. Кәсіпорындарда пайдаланылатын ақпаратты қорғау құралдарын, желілік қауіпсіздікті қамтамасыздандыру тәсілдерін (ақпаратқа рұқсатсыз кіруден қорғау, жүйелік файлдар мен деректерді көру немесе өзгерту) және желіаралық іс-әрекетінің қауіпсіздігін сипаттау. Ақпараттың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында, бөлімдер арасында деректер алмасу кезінде, ақпараттың криптографиялық түрлендірілуін қамтамасыз ететін модуль әзірлеу.

8. Кәсіпорындағы қызметкерлердің өмір қызметін қамтамасыз етуге және еңбекті қорғауға байланысты мәселелерді зерделеу. Еңбек қауіпсіздігін, тіршілік әрекетін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қарастыру. Эргономика бойынша нұсқауларды оқып шығыңыз.

9. Өндірістік тәжірибенің есебін рәсімдеу. Есепті өндірістік тәжірибе бағдарламасына сай басып шығару. Өндірістік тәжірибе бойынша есебінде тәжірибе кезеңінде студенттің нақты орындалған жұмысы, сондай-ақ кәсіпорынның АЖ (ақпараттық қызметінің) сипаттамасы және оның қызметін ұйымдастыру, еңбекті қорғау, эргономикалар, қорытындылар мен ұсыныстар мәселесі туралы

мәліметтер болуы тиіс.

6. Есептемені құру бойынша әдістемелік нұсқаулар

Студент өндірістік тәжірибенің нәтижесін есептеме және жазбаша күнделік түрінде көрсетеді.

Өндірістік тәжірибенің талабына сәйкес күнделік пен есеп ұйымда (кәсіпорын) жазылуы керек.

Тәжірибе есебі екі бөлімнен тұрады: негізгі және қосымша. Есептің негізгі көлемі 25-30 мәтіндік беттен тұрады. Қосымша бөлік құрамына тәжірибе өтетін студенттіңісі бойынша, ұйымдағы деректердің негізінде толтырылған құжаттардан тұратын қосымша есепті, аналитикалық кестелер, листингтік бағдарламалар және сонымен байланысты есепті көрсететін өзге де мәліметтер кіреді.

Күнделікті және есепті компьютерде бірегей интервалмен теру керек, Times New Roman шрифтімен, 14 pt нөмерімен; жолдар нөмірі: жоғарғы – 2см және төменгі- 2,5см, сол жақ – 3см, оң жақ – 1 см, керекті құжаттармен және басқа да материалдармен иллюстрациялау керек. Есептің бетімен қосымшасы нөмерленген болуы тиіс. Басылған мәтіннің сапасы және кескіндерді, безендіру кестелерді, ПЭЕМ-мен басып шығару олардың нақты жаңғыртылуының талап етуін қанағаттандыруы тиіс. Есепте сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер бұлдырланбаған нақты, анық болуы тиіс.

Иллюстрациялар

Иллюстрацияларды (сызуларды, карталарды, графиктерді, сызбаларды, компьютерлік басылымдарды (распечаткаларды), диаграммаларды, фотосуреттерді) тәжірибе жұмысында, олар алғаш рет айтылатын немесе келесі бетте, мәтіннен кейін тікелей орналастыру керек. Иллюстрациялар компьютерлік орындауда, оның ішінде түрлі түсті болуы мүмкін. Иллюстрациялардың барлығына тәжірибе жұмысында сілтемелер берілуі тиісті емес.

Сызуларды, графиктерді, диаграммаларды, сызбаларды компьютерлік баспаны пайдалану арқылы орындауға рұқсат етіледі. А4 форматтан кіші мөлшердегі фотосуреттер ақ қағаздың стандартты парақтарына жапсырылуы тиіс. Қосымшалар иллюстрацияларын қоспағанда, иллюстрацияларды толассыз нөмірлеу арқылы араб цифрларымен нөмірлеу керек.

Егер сурет біреу болса, онда ол «1-сурет» болып таңбаланады, «сурет» сөзі мен оның атауы жолдың ортасында орналасады және нүктемен бөлінеді.

Иллюстрациялар қажет болған кезде, атауға және түсіндірме деректерге (сурет астындағы мәтінге) ие болуы мүмкін. «Сурет» сөзі мен оның атауы түсіндірме деректерден кейін орналастырылады.

Әрбір қосымшаның иллюстрациялары бөлек нөмірлеумен латын алфавитінде бас әріптермен таңбаланады.

Иллюстрацияларға сілтемелер жасау кезінде «2-суретке сәйкес . . . » деп жазу көзделеді.

Кестелер

Көрсеткіштерді салыстырудың ыңғайлы және көрнекіліктің жақсы болуы үшін қолданылады. Кестелердің атауы оның мазмұнын көрсетуі, дәл және қысқа болуы тиіс. Кестенің атауы, «кесте» сөзінен кейін, келесі жолда абзацтан шегініспен, кестенің үстіне орналастырылуы тиіс.

Тәжірибе жұмысында барлық кестелерге сілтеме болуы тиіс. Сілтеме жасау кезінде «Кесте» сөзін оның нөмірін көрсете отырып жазу керек.

Кестелер, қосымшалар кестелерін қоспағанда, толассыз нөмірлеумен араб цифрларымен нөмірленуі тиіс.

Жолдарының саны көп кестені басқа бетке тасымалдауға рұқсат етіледі.

Кестенің бөлігін басқа бетке тасымалдау кезінде «Кесте» сөзі мен оның нөмірі, кестенің бірінші бөлігінің үстінен абзацтан шегініспен сол жақтан бір рет көрсетіледі, қалған бөліктерінің үстінен «Жалғасы» деген сөз жазылады және кестенің нөмірі көрсетіледі, мысалы: 1-кестенің жалғасы. Кестенің бөлігін тасымалдау кезінде кестені шектейтін, төменгі горизонталь сызық жүргізілмейді.

Графаларының саны көп кестені қосымшаға шығарған дұрыс. Графаларының саны көп кестені бөліктерге бөлуге және бір беттің шектерінде бір бөлікті екінші бөліктің үстіне орналастыруға рұқсат етіледі. Егер кестенің жолдары мен графалары бет форматының сыртына шығып кетсе, онда бірінші жағдайда кестенің әр бөлігінде басы, екінші жағдайда -қапталы (боковик) қайталанатын. Көлемі үлкен кестені А3 формат бетіне орналастыруға рұқсат етіледі.

Егер кесте графаларының әртүрлі жолдарында қайталанатын мәтін бір сөзден тұрса, онда алғашқы жазылғаннан кейін оны тырнақшалармен алмастыруға болады; егер екі және одан да көп сөзден тұрса, онда алғашқы қайталану кезінде оны «Ол да» сөздерімен, ал ары қарай – тырнақшалармен алмастыруға рұқсат етіледі. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, таңбалардың, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақшалар қоюға рұқсат етілмейді. Кестенің қандай да бір жолында цифрлық немесе өзге де деректер келтірілмесе, онда оған сызық қойылады.

Кестенің жолдары мен графалардың тақырыптарын бас әріппен жекеше жазу керек, ал графалардың тақырыпшаларын - кіші әріптермен жазу керек, егер олардың дербес мәні болса. Кестелердің тақырыптары мен тақырыпшаларының соңына нүкте қойылмайды.

7. Өндірістік тәжірибенің қорытындысын жасау

Тәжірибенің қорытындысы мен нәтижесін бағалау үшін студент ЦИЖәнеІТА кафедрасына күнделік және тәжірибе есебінің қосымшаларын ұсыну қажет.

ЦИЖәнеІТА кафедрасы күнделік пен есепті оқытушыға рецензияға береді. Оқытушы рецензияға оң баға берсе, есептеме бойынша тәжірибе қорғауға жіберіледі.

Өндірістік тәжірибе есебін кафедра меңгерушісі қорғауға қабылдау үшін комиссия мүшелерін құрады: оқытушы, тәжірибе бойынша курс жетекшісі, университеттен тәжірибе жетекшісі, мүмкіндік бойынша кәсіпорыннан.

Әрбір студент комиссия отырысында тәжірибе есебін қорғайды. Тәжірибе бойынша оның негізі мәліметтері, сонымен қатар комиссия қорғаудың қорытындысын студенттің қатысуымен тәжірибеге баға беріледі.

Тәжірибе бойынша қорытынды баға кәсіпорын жетекшісінің 40% сомасы ретінде және есепті қорғау жөнінде комиссия бағалауы 60% айқындалады.

Студент, тәжірибе бағдарламасын орындамаған жағдайда, жұмысына теріс пікір алған болса немесе есепті қорғау барысында қанағаттанарлықсыз баға алса, қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге жіберіледі.

Қосымша 1– Кәсіптік тәжірибеден өткізудің келісім шарты

| | |
|---|---|
| ДОГОВОР на проведение профессиональной практики (учебная, педагогическая, производственная, преддипломная) | Ф.П-112-01 |
| г. Караганда « _____ » 20 ____ г. | Ф.П-112-01 |
| ЧУ «Карагандинский университет КАЗПОТРЕБСОЮЗА», именуемый в дальнейшем ВУЗ, в лице ректора д.э.н., профессора Е.Б.Аймагамбетова , действующего на основании Устава, с одной стороны и _____ (наименование предприятия, организации и т.д.) именуемый в дальнейшем Предприятие, в лице _____ (Ф.И.О. директора) действующего на основании _____ с другой стороны, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, заключили настоящий договор о нижеизложенном: | Кәсіптік (оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы) тәжірибеден өтуге арналған ШАРТ |
| 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА 1.1 ВУЗ направляет для прохождения практики Обучающегося, по направлению подготовки _____ по образовательной программе _____ (наименование образовательной программы) 1.2 Предприятие обеспечивает Обучающегося базой профессиональной практики в соответствии с профилем образовательной программы. 1.3 Обучающийся осваивает образовательную программу с целью получения ключевых и профессиональных компетенций, позволяющих квалифицированно выполнять производственные функции и задачи. | Қарағанды қ. « _____ » 20 ____ ж. «ҚАЗТҰТЫНУ ОДАҒЫ Қарағанды университеті» ЖМ, одан әрі ЖОО деп аталады, бірінші тараптан, Жарғы негізінде әрекет ететін, ректор, э.ғ.д., профессор Е.Б.Аймагамбетов атынан және екінші тараптан _____ (кәсіпорын, ұйым және т.б. атауы) негізінде әрекет ететін, одан әрі Кәсіпорын деп аталады, _____ (Фирма атауы) Т.А.Ө. атынан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, төмендегі туралы осы шартты жасайды: |
| 2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН 2.1. ВУЗ обязан: 1) организовать проведение профессиональной практики Обучающимся в соответствии с образовательной программой и академическим календарем; 2) ознакомить Обучающегося с его обязанностями и ответственностью, указанными в настоящем Договоре; 3) разработать программу профессиональной практики и рабочий план-график профессиональной практики; 4) назначить приказом ректора руководителей практики из числа преподавателей соответствующих специальностей организации образования; 5) при направлении на профессиональную практику выдать Обучающемуся рабочий план-график профессиональной практики, дневник-отчет о прохождении профессиональной практики; 6) обеспечить соблюдение Обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего распорядка, обязательных для работников данного предприятия; 7) осуществлять периодический контроль за прохождением Обучающимся профессиональной практики; 8) оказывать работникам предприятия методическую помощь в организации и проведении профессиональной практики; 9) при необходимости предоставлять предприятию сведения об учебных достижениях обучающегося; 10) принимать участие в расследовании несчастных случаев, в случае, если они произошли с участием обучающегося в период прохождения практики. 2.2 ВУЗ имеет право: 1) расторгнуть Договор в одностороннем порядке; 2) требовать от Обучающегося добросовестного и надлежащего исполнения обязанностей в соответствии с настоящим Договором и Правилами внутреннего распорядка, обязательных для работников предприятия - базы практики; 3) запрашивать информацию о прохождении практики Обучающегося от Предприятия; 4) посещать подразделения Предприятия с целью контроля за прохождением практики. 2.3 Предприятие обязуется: 1) принять по направлению на профессиональную практику Обучающегося в соответствии с условиями настоящего договора; | 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ |
| | 1.1 ЖОО білім берудің дайындық бағыты |
| | Бағдарламасы бойынша білім алушының тәжірибені өту үшін жібереді |
| | (Білім беру бағдарламасының атауы) |
| | 1.2 Кәсіпорын білім алушыларды білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практика базасымен қамтамасыз етеді. 1.3 Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын меңгереді. |
| | 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ |
| | 2.1. ЖОО міндетті: |
| | 1) Білімгердің кәсіптік тәжірибеден өтуін білім беру бағдарламасына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асыруға; 2) Білімгерді осы Шартта көрсетілген оның міндеттерімен және жауапкершілігімен таныстыруға; 3) кәсіптік тәжірибе бағдарламасы мен кәсіптік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін әзірлеуге; 4) білім беру ұйымының тиісті мамандықтар оқытушыларының категориядан ректор бұйрығымен тәжірибеден өту жетекшісін тағайындауға; 5) кәсіптік тәжірибеге жіберу кезінде Білімгерге кәсіптік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін, кәсіптік тәжірибеден өту туралы күнделік-есепті беруге; 6) Білімгердің, ағалық кәсіпорынның жұмыскерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз етуге; 7) Білімгердің кәсіптік тәжірибеден өтуіне мерзімді бақылауды жүзеге асыруға; 8) кәсіпорынның жұмыскерлеріне (қызметкерлеріне) кәсіптік тәжірибені ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге; 9) қажет болған кезде кәсіпорынға білімгердің оқудағы жетістіктері туралы мәлімет беруге; 10) тәжірибе кезінде білім алушының қатысуымен болған жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуға. |
| | 2.2 ЖОО құқығы бар: |
| | 1) Шартты біржақты тәртіпте бұзуға; 2) Білімгерден міндеттерін осы Шартқа және тәжірибе базасы болып саналатын кәсіпорын жұмыскерлері (қызметкерлері) үшін міндетті, ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес адал және қажетті деңгейде орындалуды талап етуге; 3) кәсіпорыннан Студенттің практикасы туралы ақпарат сұрауға; 4) практика өтуін бақылау мақсатында Кәсіпорын бөлімшелеріне бару. |
| | 2.3 Кәсіпорын міндеттенеді: |
| | 1) жолдам бойынша Білімгерді осы шарттың талаптарына сәйкес кәсіптік тәжірибеден өтуге қабылдауға; |

